

10-МОДУЛЬ. ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ

10-ДӘРІС. ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аға оқытушы Сайлинова Қ.Қ.

Тұлға-жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің нәтижесі.

Қарым-қатынассыз адамның жекелеген психикалық қызметтерінің, үдерістер мен ерекшеліктерінің, жеке тұлғаның және тұтас қоғамның толыққанды қалыптасуы мүмкін емес.

Тұлға психологияда өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз “Менің” өзге “Меннен” ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек. Белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды тұлға деп атайды.

Тұлғааралық қатынас - әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Тұлғалық белгілер - адамның даралық ерекшеліктерін көрсететін, психологиялық және физиологиялық элементтерін және оның ойлауы мен қылығын сипаттайтын өмір бойы қалыптасатын психофизиологиялық жүйе. Тұлғалық белгілер теориясы негізінде "тұлғаның ерекшелік белгілері" деген ғылыми анықталған терминді қарастыратын тұлға теориясы дамыды. Тұлға қасиетінің теориясы тұлға дамуының құрылымын, шығу тегін, қалыптасуын қарастырады.

Тұлғаның бағыттылығы - тұлғаның іс-әрекетін бағдарлайтын және нақты бар жағдаяттан біршама тәуелсіз, орнықты түрткі-ниеттер жиынтығы. Тұлғаның бағыттылығы оның мүдделерімен, бейімдерімен, сенімдерімен, мұраттарымен сипатталады және бұлар арқылы адамның дүниетанымы білінеді.

Тұлғаның дамуы білім беру міндеттері тұрғысынан екі мағынаға ие: 1) тұлғаны қоғамдық өмірдің әр түрлі саласына жауапкершілікпен қатысуға тәрбиелейді; 2) жеке адамның жан-жақты үйлесімді дамуы, зиятты, ақыл-ойы, еркі, сезімі мен оңтайлы логикалық-эмоциялық-психологиялық сапалары мен көзқарастары.

Тұлғааралық қатынастарда адамдардың өзара әрекет етуіне

- 1) адамдардың бірін-бірі түсінуі мен қабылдауы;
- 2) тұлғааралық тартымдылық;

3) өзара әрекет пен мінез-құлық жатады.

Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әр түрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасады. Тұлғаның эмоциялық көріністерінің үш деңгейін бөліп қарастырады: аффектілер, эмоциялар мен сезімдер. Тұлға аралық қарым-қатынаста осылардың бәрі де көрініс бергенімен, көбінесе сезімдерге баса көңіл аударылады, олардың өзін екі топқа бөліп қарастыру қабылданған:

1. конъюнктивті – адамдарды жақындататын, біріктіретін, бірлескен іс-әрекетке итермелейтін сезімдер;
2. дизъюнктивті – адамдарды бір-бірінен аластататын, бірлескен іс-әрекеттен қашқатататын сезімдер.

Тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуде американ психологы Дж. Морено (1958) ұсынған социометрия әдісі кең қолданылады. Социометрия негізінде нақты іс-әрекет кезіндегі шағын топтың қарым-қатынасын (жақтыру, жақтырмау) анықтауға болады. Тұлға өзін басқа тұлғалармен қарым – қатынаста анық көрсететіні белгілі. С. К. Рошин пікірінше, тұлғаның қарым-қатынас барысында субъектінің қолайсыз немесе жағымсыз өзара жеке ерекшеліктерін (әрекеттері, әдеттері, жүріс – тұрысы стилі, ойлау стереотипі) қандай дәрежеде көретінін (шыдайтынын) көрсететін коммуникативтік төзімділік болады.

Коммуникативтік төзімділік коммуникаторлар мен олардың қатысушыларының ерекшеліктеріне тәуелді. В. В. Бойко бойынша, қарым-қатынасжасауға ықпалететін жеке тұлғаның негізгі сипаттамалары: интеллектуалды, құндылық, этикалық, эстетикалық, эмоциялық, сенсорлық, энергодинамикалық, мінез – құлықтық болып бөлінеді. Осы сипаттамалардың интегративтік қызметі адамдар арасындағы қатынастарды, олардың агрессивтілігін немесе төзімділігін анықтайды.

Даму өте күрделі процесс болып табылады. Адамның өмірінде дамудың жалпы заңдылықтары қалыптасқан. Жеке адамның даму процесін қарастыратын болсақ, бұл "процесс" латын тілінен аударғанда алдыға қарай қозғалу, өзгеріс деген сөзді білдіреді.

Барлық жоғары психикалық функциялардан адамдардың әлеуметтік қарым-қатынастары көрініп жатады. Л. С. Выготскийдің зерттеуінде, адамның психологиялық табиғаты дегеніміз ол қоғамдық қарым-қатынастар жиынтығынан құралады.

Әлеуметтікте даму мен оқытуды теңдестіреді. Л.С.Выготский психикалық дамуда оқытудың жетекші ролі туралы: Адамның жоғарғы психикалық функциялары мәдени-тарихи дамудың өнімі. Адамның дамуы түрлі құралдарды меңгеру арқылы болады. Жоғарғы психикалық функциялар біріккен іс-әрекетте, бірлестікте, басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасады, біртіндеп ішкі жоспарға өтеді.

Жоғарғы психикалық функция оқыту процесінде қалыптасады, ол «жақын даму аймағында» болады. Бұл «жақын даму аймағы» ұғымын Л.С.Выготский енгізген. Оқыту «жақын даму аймағында» бағдарлануы қажет. Л.С.Выготский бойынша оқыту дамуды алып жүреді.

С.Л.Рубинштейн даму мен оқудың бірлігін зерттеген. Оқу баланың дамуының белгілі бір деңгейіндегі мүмкіндігіне сәйкес болуы керек. Оқу барысында осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру неғұрлым жоғарғы деңгейдегі жаңа мүмкіндіктерді дамытады.

В.Штерн екі фактор конвергенциясын бөліп шығарды. Баланың психикалық дамуында біріншісі берілген қатынастардың жетілуі болса, екіншісі-жақын орта әсерімен даму бағыттары қиылысады, бұл конвергенция деп атады.

Л.С.Выготский тұқымқуалаушық және әлеуметтік факторлардың тұлғаның дамуында бірлігін көрсетті. Тұқымқуалаушылық және әлеуметтік факторлардың бірлігі-бұл үнемі болатын құбылыс емес, ол ажыратылған, даму процесінде өзгерістерге ұшырайды.

Даму үрдісі қалай жүреді, оның ерекшеліктері қандай?

Әр түрлі жас кезеңдеріне тән психикалық қасиеттер қалыптасады.

Э.Эриксон бойынша тұлғаның даму сатылары:

1. Нәрестелік (0-1) . Сенімділік немесе сенімсіздік (қарсы тұру)

Нәрестенің өміріндегі сенімділік қамқоршылар тарапынан көңіл бөлуі, махаббат, жылулық баланың қоршаған ортаға сенімділігін туғызады. Баланың өмірінде анасы басты роль атқарады. Баланың физиологиялық және психоэмоционалды қажеттіліктері толық өтелсе, бала өзін комфортта сезінеді. Егер бұл қажеттіліктер толық өтелмесе, балада өзін керексіз (белгісіздік) сезіну қорқынышы пайда болады. Бала толығымен ересектердің қарым-қатынасына байланысты болғандықтан, сенімділіктің дамуы баланың ата-анасына негізделеді. Дамудың осы сәтінде баланың ересек адамдарға тамақ, махаббат, жылу, қауіпсіздікті және тәрбиелеуді қоса алғанда аман қалу үшін бәріне де тәуелді.

Ерте балалық шақ (1-3). Дербестілік- ұят, күмән.

Дамудың осы кезеңінде балалар негізгі әрекеттерін орындауға кірісіп, қарапайым шешімдер қабылдауға тырысады. Балалардың таңдау жасауы мен бақылау негізінде ата-аналар, тәрбиешілер, ересектер балаларға автономия сезімін дамытуға көмектеседі.

Егер осы кезеңде нәресте өз бетінше дене қимылдары мен эмоциялық ерік-жігері бар қасиеттерді игеру нәтижесінде тәуелсіздікке ұмтылады. Автономия мен ұят және күмән арасындағы байланыс тұрақты емес. Ол болашақта пайда болатын оқиғалардың әсерінен өзгеруі мүмкін

Балалық шақ (3-6). Ынта- енжарлық.

Осы кезде психоәлеуметтік дамуда балалар іс-әрекетін ойнауға және басқа да әлеуметтік өзара әрекеттерге бағыттап, өздерінің күштерін қоршаған ортаға бағыттайды. Осы кезеңде балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасының сәтті болуы мақсат қоя білетін, басқару қабілетіне ие болады. Бұл дағдыларды игермегендер өзіне-өзі көңілі толмайды.

Балада идеалды тұрғыдан басқалармен жұмыс жасауға дайын болғанда, эго сапасында белгілі мақсаттар пайда болады.

Мектептік жас (6-12). Компетенттілік-кемшілік

Әлеуметтік өзара әрекеттесулер негізінде балаларда өз жетістіктері мен қабілеттеріне мақтаныш сезімін дамытады. Ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан мадақтау алған балалар біліктілік пен өздерінің дағдыларына деген сенімін дамытады. Ата-аналар, мұғалімдер немесе құрбыларымен қарым-қатынас барысында қолдау көрмеген балаларда табысқа жетуге күмәнданады.

Психоәлеуметтік дамудың осы сатысында балансты табысты табуда құзыреттілік ретінде белгілі күшке жол ашады, онда балалардың өздеріне қойылған міндеттерді шеше алатын қабілеті бар. Сондай-ақ отбасылық қарым-қатынастың да рөлі үлкен мәнге ие. Мақсатқа бағытталу, еңбексүйгіштік және өзіне көңілі толмау сезімі тән болып келеді.

Жасөспірім және жастық шақ (12-20). Тұлғаның сәйкестілігі- жас ерекшелігін мойындамау. Бұл кезеңде жасөспірімді қолдау оның мінез-құлқының дамуына әсер етеді. Жасөспірім кездерінде балалар өздерінің тәуелсіздікте болғанын қалайды. Адамның мінез-құлқын қалыптастыратын және бағыттайтын барлық құндылықтарды осы кезеңде меңгереді. Бұл кезеңді табысты орындау табандылыққа әкеледі.

Эго сәйкестік - психоәлеуметтік дамуда анықталатын өзін-өзі тану сезімі. Күнделікті қарым-қатынасымызда пайда болған жаңа тәжірибелер мен ақпаратқа байланысты жасөспірім эгосы- үнемі өзгереді. Жасөспірімдердің психологиялық және физиологиялық дамуы қоршаған ортаға деген жаңа қажеттіліктердің, көзқарастардың пайда болуынан көрінеді. Олар шындыққа сәйкес келмейтін әлемнің, отбасының, түрлі қатынастардың идеалды картасын жасайды.

Өз «Мені» мен әлеуметтік ролдерге ие болу кезінде жасөспірімде ішкі қайшылықтар туындайды. Осы қайшылықтардың шешімін іздеу болашақты жобалауға мүмкіндік береді.

Ерте кемелдену (20-25). Жақындық- оқшаулану

Бұл кезең отбасылық өмір мен кәсібиленудің басталуына сәйкес келеді. Жастық кезеңге байланысты жалғыздықты жақындықпен қалыптастырады. Отбасын құру, достық, әріптестер, ұжымда әр түрлі деңгейде қарым-қатынас қалыптастыру әлеуметтік дамуға әкеледі. Жақындықты дамыту бұл өзгелерге қамқорлық жасай білуінде.

Тұжырымдама махаббат қатынастарына ғана емес, достыққа да қатысты. Адамның басқа адамдармен тығыз қарым-қатынас орнатқаны өте маңызды деп санайды. Осы қадамдарды сәтті жасағандар төзімді және қауіпсіз болатын қатынастарды қалыптастырады. Бұл қадамдарды табысты шешу махаббат, достық деп аталатын ізгілікке әкеледі. Осы кезеңдегі қарым-қатынас жасау тұлғааралық қатынастарда адамдардың өзара әрекет етуімен ерекшеленеді.

Орта жас (25-65). Гендерлік және тоқырау

Бұл жаста адам білім, өмірлік тәжірибе және рухани күш жұмсайтын шығармашылық әрекетте өзін көрсете алады. Бұл жаста адамдар кәсіби және қоғамдық мансабының шырқау шыңына жетеді. Олар отбасылық қарым-қатынаста біршама маңызды шешімдер қабылдайды. Кемел жастағы адамдардың көбі ата-әже ролдерін алады. Олардың көбі бұл ролдерді орындауда жаңа ұрпақ тәрбиесімен айналысады.

Кеш кемелдену (65 кейін). Тұлғаның тұтастылығы- үмітсіздік

Қарт адамдардың психикасына интеллектуалдық және эмоционалдық «ішкі әлемге кету» көп орнайды. Себебі, өткізген өмірін бағалау мен ұғынуға байланысты қайғыру, өміріндегі басты мақсаттары орындалмаса, өкіну, түңілу қасиеттері басым болады. Алайда қартаюды тек регрессивтік құбылыс деп қарамауымыз керек. Қартаю дамудың бір кезеңі. Бұл кезеңде адамның рухани жетілу деңгейі жоғары болады. Белгілі бір жетістіктері бар қарттарда даналық пен данышпандық, кемеңгерлік тұлғаның өмір тәжірибесіне үлгі болатын сабақтастық орын алады. Қанағаттану, өмірге ризашылық, мейірімділік, т.б. қасиеттермен қатар кемелденген адамдардың даналыққа жетуі – осы қартаю кезінде орын алатын құбылыс.

- **Тұлғааралық қарым-қатынастағы технологиялар:**
- Шартты рөлдік қарым-қатынас кезінде әңгімелесушінің жеке тұлғасына емес оның әлеуметтік рөліне көңіл аударылады.
- Іскер қарым-қатынаста әңгімелесуші жеке тұлғасының ерекшеліктері мінезі, жасы, көңіл-күйі ескерілгенімен ісінің одан маңызы басым.
- Рухани қарым-қатынас бір-бірімен достық қатынастағы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас. Қарым-қатынастың бұл түрінде кез-келген тақырып төңірегінде әңгіме өрбітуге болады. Сөздерді пайдалану міндетті емес, өйткені жақын қатынаста адамдар бір-бірін ым-ишарадан, бет әлпетінен, көзқарасынан бірден түсіне алады.
- Манипулятивтік қарым-қатынас әңгімелесуші жеке тұлғасының ерекшеліктерімен байланысты түрлі амал-айлаларды пайдалана отырып жарамсақтану (қорқыту, алдау, арбау, мейірімділікті таныту).
- Зиялық қарым-қатынастың мәні адамдар ойындағысын айтқаннан гөрі, сол жағдайға сай нәрселерді айтуға тырысады.

10-дәріс бойынша тексеру сұрақтары, сұрақтарға жауап беріп өз біліміңізді бекітесіз:

1. Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясының зерттеулері.
2. Л.С.Выготскийдің «жақын даму аймағының» зерттеу объектісі.
3. Э. Эриксон бойынша тұлғалық дамудың сатылары .

Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Андреева, Г.М. Социальная психология. Учебник для высших учебных заведений/ Г.М. Андреева. – М.: Аспект Пресс, 2008. –376 с.
2. Нэпп, М. Невербальное общение. Мимика, жесты, движения, позы и их значение. Полное руководство по невербальному общению / М. Нэпп, Д. Холл; пер. с англ. З. Замчук, А. Козлов, А. Кулаков [и др.]. – СПб.: Прайм-Еврознак, 2007. – 512 с.
3. Обозов, Н.Н. Межличностные отношения / Н.Н. Обозов. – Л.: ЛГУ, 2008. – 238 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Тайгер, П. Читать человека как книгу / П. Тайгер, Б. Бэррон-Тайгер. – Минск: Современный литератор, 2004. – 96 с.
2. Фомин, Ю.А. Психология делового общения /Ю.А.Фомин. – 3 изд., перераб. и доп. –Мн.: Амалфея, 2003. – 448

Интернет-ресурстар:

- 1.<http://www.psychology.ru>
- 2.<http://www.flogiston.ru>
- 3.[http://www.colorado.edu/VC Research/integrity/human research/CITI.htm](http://www.colorado.edu/VC_Research/integrity/human_research/CITI.htm)
- 4.Cyber Bear (<http://cvbear.umt.edu>)
5. hs.umt.edu › psychology
- 6.[tps://www.stud24.ru/psychology/azrg-studentterd-ndyly-bayttanuy/477393-1818600-page6.html](https://www.stud24.ru/psychology/azrg-studentterd-ndyly-bayttanuy/477393-1818600-page6.html)